

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Ғылым комитетінің №10 мәжілісінің шешімдері

Түркістан қаласы

23.06.2025 ж.

Сағат: 15:00

Өткізілген орны: Мәдениет орталығының Кіші залы/ *онлайн, идентификатор: 96137227837, пароль:326101*

Регламент: 3-5 минут

Қатысқандар:

ҒК төрайымы Ошибаева А.Е., ҒК мүшелері, декан орынбасарлары, бөлім басшылары, Кітапхана директоры А.Абсеметова, «Тұран» баспахана директоры И.Назымханов .

Күн тәртібі:

1. Факультеттердің, ҒЗИ-ының 2024-2025 оқу жылындағы ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша жылдық есептері және келесі оқу жылының жоспары (*Индикативті жоспар бойынша*) (Баяндамашы: *Факультет декандары, ҒЗИ/ҒЗО-ының директорлары*).

2. Коммерцияландыру офисінің атқарған жұмыстары туралы жылдық есеп (Баяндамашы: *Коммерцияландыру офисінің басшысы А.Исаков*);

3. Әр түрлі мәселелер.

3.1 Магистранттар мен докторанттардың тақырыптарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу (Баяндамашы: *Ғылыми кадрларды даярлау және аттестаттау бөлімінің басшысы А. Досболов*);

3.2 «Университеттің ғылыми-өндірістік және оқу зертханаларын басқару және пайдалану туралы» (УЕ-ХҚТУ-022-2025) Ережесін бекіту (Баяндамашы: *Ғылым департаментінің директоры Х.Масадиқов*);

3.3 2025 жылдың 29-30 сәуір күндері университетімізде өткен «І. Халықаралық түркі әлемі жасыл энергия және қоршаған орта ғылымдары» атты конгресінде жиналған материалдар жинағын талқылау (Баяндамашы: *Экология ҒЗИ директоры Н.Ахметов*);

3.4 2025 жылдың 14 мамыр күні университетімізде өткен «Түркі әлемі: сайлау жүйелерінің дәстүрі, тәжірибесі және даму болашағы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияда жиналған материалдар жинағын талқылау (Баяндамашы: *Экономика, басқару және құқық факультетінің деканы Ж.Акимов*);

3.5 Түркология ғылыми-зерттеу институтының директоры, ф.ғ.д., профессор Ш.Ибраев дайындаған 1 том-«Эпос әлемі», 2 том-«Қазақтың ғұрыптық фольклоры», 3 том-«Қазақ фольклоры», 4 том-«Түркология және қазақ руханияты», 5 том-«Абай феномені», 6 том- «Абайдың ақындық бейнесі», 7 том-«От фольклористика до тюркологии» 7 томдық кітабын Сенат мәжілісіне ұсыну (*университет қаражаты есебінен*) (Баяндамашы: *Ш.Ибраев*).

3.6 «Жаратылыстану» ғылымдары, нанотехнологиялар және жаңа материалдар ғылыми-зерттеу институты, б.ғ.д., профессор Н.Аралбай дайындаған «Асыл ағаш, асыл шөп: Қазақстан флорасының жетекші тұқымдастары (табиғат зерттеушілердің, фермердің, агрономның, орманшының жұмыс кітабы) сериясы 2- томының бірінші және екінші кітабын Сенат мәжілісіне ұсыну (*Рецензенттері: Өзбекәлі Жәнібеков атындағы*

Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, б.ғ. кандидаты, доцент м.а. А.А.Успабаева, Орта Азия инновациялық университеті, б.ғ. кандидаты Е.А.Тастанова, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, а.ш. кандидаты, доцент М.Т.Ерденев (Антиплагиат қорытындысы: ҰК1 – 3,41%, ҰК2 – 0,89%, (университет қаражаты есебінен) (Баяндамашы: Н.Аралбай);

3.7 «Экология» ғылыми-зерттеу институтына постдокторантура бағдарламасына қабылданған 01.09.2022ж. №1/1085 бұйрық негізінде Тастамбек Қуаныш Талғатұлының 3 жылдық мерзімінің аяқталуына байланысты «Постдокторантура бағдарламасы» (УЕ-ХҚТУ-111-2022) ережесінде көрсетілген 7.1. тармағына сәйкес 1 жылға ұзарту мәселесін қарастыру (Баяндамашы: Экология ғылыми-зерттеу институтының директоры Н.Ахметов);

3.8 Коммерцияландыру офисі тарапынан 2018–2025 жылдар аралығында аяқталған гранттық және ынталы бағыттағы ғылыми жобалардың технологиялық дайындық деңгейі анықталған жобалардың жалпы тізімін және ғылыми немесе ғылыми-техникалық қызмет нәтижесі (ҒҒТҚН) ретінде тіркелген, технологиялық дайындық деңгейі сәйкес болған ғылыми жобаларды ҒҒТҚН коммерцияландыруға гранттық қаржыландыру конкурстарына және өндірістік серіктестерге ұсыну үшін перспективалы ғылыми жобалар тізімін бекіту (Баяндамашы: Коммерцияландыру офисінің басшысы А.Исаков);

3.9 2017–2025 жылдар аралығында алынған және қолданыстағы университет меншігіндегі патенттерінің технологиялық дайындық деңгейі анықталған тізімін бекіту (Баяндамашы: Коммерцияландыру офисінің басшысы А.Исаков).

Ашық дауыс беру нәтижесінде УНИВЕРСИТЕТ ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІНІҢ

ШЕШІМДЕРІ:

1. Факультеттердің, ҒЗИ-ының 2024-2025 оқу жылындағы ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша жылдық есептері және келесі оқу жылының жоспары (Индикативті жоспар бойынша) төмендегідей шешімдер қабылдансын:

1.1 Университетіміздің 2024-2029 жылдарға арналған Даму бағдарламасы негізінде жасалған Факультеттердің/ҒЗИ/ҒЗО-ның 2024-2026 жылдарға арналған стратегиясы бойынша (ғылыми-зерттеу жұмыстары) 2025 жылдың 1 жарты жылдық есебі деп өзгертіліп, назарға алынсын (Жауапты: Факультет декандары, ҒЗИ/ҒЗО-ының директорлары).

1.2 Факультеттер мен ҒЗИ/ҒЗО-лар 2025 жылғы 1 қыркүйекке дейін факультеттегі немесе ҒЗИ/ҒЗО-дағы әлеуетті халықаралық жобалардың талдауы жасалып, нақты ұсыныстар берілсін (Жауапты: Факультет декандары, ҒЗИ/ҒЗО-ының директорлары);

2. Коммерцияландыру офисінің атқарған жұмыстары туралы жылдық есебі назарға алынсын (Жауапты: Коммерцияландыру офисінің басшысы А.Исаков);

3. Әр түрлі мәселелер.

3.1 Магистранттар мен докторанттардың тақырыптарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша төмендегідей шешімдер қабылдансын:

3.1.1 Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультетінің докторанттары мен Жаратылыстану ғылымдары факультетінің магистранттарының ғылыми тақырыптары кафедраның кеңейтілген мәжілісінде қайта қаралып, келесі мәжілісте қарастыруға ұсынылсын (Жауаптылар: Әлеуметтік, гуманитарлық ғылымдар факультетінің

деканы А.Куралбаева, Жаратылыстану ғылымдар факультетінің деканы Р. Нұрділлаева);

3.1.2 Медицина факультетінің докторанттарының тақырыптарына өзгерістер мен толықтырулар 1-кестеге сәйкес енгізіліп, қайта бекітуге Сенат мәжілісіне ұсынылсын (Жауапты: Ғылыми кадрларды даярлау және аттестаттау бөлімінің басшысы А. Досболов).

3.2 «Университеттің ғылыми-өндірістік және оқу зертханаларын басқару және пайдалану туралы» (УЕ-ХҚТУ-022-2025) Ережесін бекітуге Сенат мәжілісіне ұсынылсын (Жауапты: Ғылым департаментінің директоры Х.Масадиқов);

3.3 2025 жылдың 29-30 сәуір күндері университетімізде өткен «І. Халықаралық түркі әлемі жасыл энергия және қоршаған орта ғылымдары» атты конгресінде жиналған материалдар жинағы <https://geesconference.ayu.edu.kz/kz/27> сайтында электронды түрде жариялансын (Жауапты: Экология ҒЗИ директоры Н.Ахметов);

3.4 2025 жылдың 14 мамыр күні университетімізде өткен «Түркі әлемі: сайлау жүйелерінің дәстүрі, тәжірибесі және даму болашағы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияда жиналған материалдар жинағы 30 дана тиражбен (16x24 форматта, түрлі-түсті, қатты мұқабада)(университет есебінен) баспадан шығаруға және электронды түрде университеттің ресми сайтына жариялауға Сенат мәжілісіне ұсынылсын (Жауапты: Экономика, басқару және құқық факультетінің деканы Ж.Акимов);

3.5 Түркология ғылыми-зерттеу институтының директоры, ф.ғ.д., профессор Ш.Ибраев дайындаған 1 том-«Эпос әлемі», 2 том-«Қазақтың ғұрыптық фольклоры», 3 том-«Қазақ фольклоры», 4 том-«Түркология және қазақ руханияты», 5 том-«Абай феномені», 6 том- «Абайдың ақындық бейнесі», 7 том-«От фольклористики до тюркологии» 7 томдық кітабы 100 дана тиражбен (түрлі-түсті, қатты мұқабада - 50 дана, жұмсақ мұқабада – 50 дана) (университет есебінен) баспадан шығаруға Сенат мәжілісіне ұсынылсын (Жауапты: Ш.Ибраев).

3.6 «Жаратылыстану» ғылымдары, нанотехнологиялар және жаңа материалдар ғылыми-зерттеу институты, б.ғ.д., профессор Н.Аралбай дайындаған «Асыл ағаш, асыл шөп: Қазақстан флорасының жетекші тұқымдастары (табиғат зерттеушілердің, фермердің, агрономның, орманшының жұмыс кітабы) сериясы 2- томының бірінші және екінші кітабы 100 дана тиражбен (16x24 форматта, түрлі-түсті, мұқабасы 50 дана қатты және 50 дана жұмсақ)(университет есебінен) баспадан шығаруға Сенат мәжілісіне ұсынылсын (Жауапты: Н.Аралбай);

3.7 «Экология» ғылыми-зерттеу институтына постдокторантура бағдарламасына қабылданған 01.09.2022ж. №1/1085 бұйрық негізінде Тастамбек Қуаныш Талғатұлының 3 жылдық мерзімінің аяқталуына байланысты «Постдокторантура бағдарламасы» (УЕ-ХҚТУ-111-2022) ережесінде көрсетілген 7.1. тармағына сәйкес 1 жылға ұзартуға Сенат мәжілісіне ұсынылсын (Жауапты: Экология ғылыми-зерттеу институтының директоры Н.Ахметов);

3.8 Коммерцияландыру офисі тарапынан 2018–2025 жылдар аралығында аяқталған гранттық және ынталы бағыттағы ғылыми жобалардың технологиялық дайындық деңгейі анықталған жобалардың жалпы тізімін және ғылыми немесе ғылыми-техникалық қызмет нәтижесі (ҒҒТҚН) ретінде тіркелген, технологиялық дайындық деңгейі сәйкес болған ғылыми жобаларды ҒҒТҚН коммерцияландыруға гранттық қаржыландыру конкурстарына және өндірістік серіктестерге ұсыну үшін перспективалы ғылыми жобалар тізімі бекітілсін (Жауапты: Коммерцияландыру офисінің басшысы А.Исаков);

3.9 2017–2025 жылдар аралығында алынған және қолданыстағы университет меншігіндегі патенттерінің технологиялық дайындық деңгейі анықталған тізімі бекітілсін (*Жауапты: Коммерцияландыру офисінің басшысы А.Исаков*).

Ғылым комитетінің төрайымы:

Мәжіліс хатшысы:



А. Ошибаева

Д.Төлегенова